

Үндістан Республикасының Премьер-Министрі Атал Бихари Ваджпаидың Қазақстан Республикасына ресми сапарына дайындық және оны өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 27 мамыр N 61-ө

Үндістан Республикасының Премьер-Министрі Атал Бихари Ваджпаидың 2002 жылғы 2-4 маусымда Қазақстан Республикасына ресми сапарына дайындық және оны өткізу жөнінде Алматы қаласында протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдарымен және мүдделі ұйымдармен (келісім бойынша) бірлесіп Үндістан Республикасының Премьер-Министрі Атал Бихари Ваджпаидың Қазақстан Республикасына ресми сапарына дайындық және оны өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қосымшаға сәйкес қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды (қосымшаның 7-тармағынан басқа барлық тармақ бойынша) қамтамасыз етсін.

3. Алматы қаласының әкімі Алматы қаласында Қазақстан Республикасы іскер топтарының өкілдері мен Үндістан Республикасы іскер топтары өкілдерінің кездесуін ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Үндістан Республикасы ресми делегациясы мүшелерінің әуежайда, тұратын және болатын орындарында қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың отандық бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер - Министр

Премьер-Министрінің
2002 жылғы 27 мамырдағы
N 61 өкіміне
қосымша

Үндістан Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көлік қызметін көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Үндістан Республикасының ресми делегациясы мүшелерін (1+10: делегация басшысы, бірге жүретін ресми делегация мүшелері) Алматы қаласында "Анкара Риджент Алматы" қонақ үйіне (немесе Резиденция) орналастыру, тамақтандыру және оларға көлік қызметін көрсету.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Анкара Риджент Алматы" қонақ үйіне (немесе Резиденция) орналастыру.
3. 2002 жылғы 2-4 маусымда сапарды өткізуге жұмылдырылған адамдар үшін ұтқыр байланыс құралдарын (5 дана) жалға алу.
4. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсаттамалар) жасау.
5. Ресми делегация мүшелері үшін кәдесыйлар және делегация басшысы үшін сыйлықтар сатып алу.
6. Үндістан Республикасының ресми делегациясын Алматы қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде VIP-залды, шай дастарханын ұйымдастыру.
7. Үндістан Республикасының ресми делегациясын Алматы қаласында әуежайда қарсы алу және шығарып салу рәсімдерін техникалық тұрғыдан безендіру (жалаулар, Алматы қаласының әуежайы мен делегацияның жол жүретін бағыттары бойынша мемлекеттік тілде және Қонақ елінің тілінде құттықтау транспаранттары).
8. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев пен оның зайыбы атынан Үндістан Республикасының Премьер-Министрі Атал Бихари Ваджпаидың құрметіне Алматы қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.
9. Келіссөздер өтетін залды техникалық тұрғыдан безендіру (мемлекеттік жалаулар, гүлдер).
10. Ресми делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК